



Төлеген АЙБЕРГЕНОВ

Уақыт шіркін тасқын судай ағып өте шыққан-ау. Иә, осыдан 28 жыл бұрын өзін куә болған бір әннің шығу тарихы менің қолыма қалам ұстауыма түрткі болған еді. «Ел іші – өнер кеніші» деген, өнерін өмірінің өзегіне айналдырған мәдениет-өнер саласының адамдары республикамыздың түкпір-түкпірінде баршылық. Сондай өнерлі жандардың бірі – марқұм Жолдас Құспанов ағамыз еді. Ол кісі өнер майталманы Ғарифолла Құрманғалиевтің шәкірттерінің бірі болған. Біз де – Жолдас ағамыздың салған әндерін тыңдап, кейде бірге жүріп, ағалық қамқорлығын көрген ұрпақтың біріміз. Оның інілері Бердеш, Қамбармен қатар оқып, бірге өскен ауылдың қара домалақтары едік.

Т

ӨЛЕГЕН



Айбергенов

ТАПҚАН ТАЛАНТ

(Бір әннің шығу тарихы)

Алдымен Жолдас Құспанов туралы оқырманға айта кеткеніміз жөн. Ол 1948 жылы Атырау облысы Исатай ауданында Нарын құмындағы Тұщықұдық ауылында дүниеге келді. 1965 жылы Чапаев кеңшарының орталығы Аккыстау ауылында орта мектепті бітірген соң Алматы мал дәрігерлік институтына оқуға түседі. Бірақ бойында әншілік таланты бар жас жігіт бірінші курстан кейін Алматы эстрада-цирк студиясына (қазіргі Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжі) оқуға ауысады. Екі жыл бойы осы өнер ордасында Ғарифолла Құрманғалиевтен тәлім алып, ән айтудың қыр-сырын үйренеді. Дауыс ырғағын қою сабағынан атакты әнші Бекен Жылысбаевтан, актерлік шеберлік бойынша Ыдырыс Ноғайбаевтан дәріс алады.

Құрметті оқырман! Мен сіздерге Жолдас Құспановтың бір әнінің шығу тарихы туралы сырды қалың жұртшылықпен бөліскенді жөн санадық. Бұл былай болған еді. 1993 жылдың қантар айының соңында көршілес Ақтоғай ауылына жолым түсіп Жолдас ағаман сәлемдесейін деп үйіне барып қалдым. Ағамыз осы ауылда Мәдениет үйінің директоры болып қызмет істейтін еді. Дәстүр бойынша: «Ассалаумағалайкум!» — деп сыртқы есіктің табалдырығынан ішке аттай бергенімде алдымнан шыққан Талшын жеңгей сабырлы қалпымен сәлемдесіп: «Қонақ бөлмеге өте бер», — деп ілтипат білдірді. Жөкең диванда отыр екен. Аmandық-саулықтан соң өзінің бір жұмадай тұмауратып қалғанын айтып, баяу үнімен төр жақ қасын меңзеп отыр дегендей ишарат жасады. Сәлден кейін:

— Айғалижан, Ғарекен уақыт етіпті, есітпін бе? — деді.

— Иә, аға, теледидардан, радиодан қаралы хабарды таратып жатыр ғой — дедім. Әрі қарай әңгіме Ғарекен жөнінде болды. Өзінің атакты әншінің шәкірті болған кездерін, Алматыда Төлеген Айбергенов, Шәмші Қалдаяқов, Ришат Мұсабаев тәрізді талай өнер саңлақтарымен кездесіп, олардан тәлім алып қана қоймай, өнер керуенінде бірге жүрген сәттерін, дәмдес болғанын айтып көңілі бір көтеріліп қалды. Әңгімесін одан әрі былайша жалғастырды:

— Інім, енді саған мен акын Төлеген Айбергеновпен, әнші Ғарифолла Құрманғалиевпен алғаш қалай танысқанымды, малдәрігерлік институттан эстрада-цирк студиясына қалай оқуға ауысқанымды айтайын. Аталған институттың бірінші курсына оқып жүрген кезім, бір күні сыныптасым әрі құрдасым, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің студенті Әлібек Қайыров келе қалды. «Жолдас, жүр сені атакты акын Төлеген Айбергеновпен таныстырайын», — деді. Екеуміз акын ағаның үйіне келдік, ол бізді өте жылы қарсы алды, өлендерін тыңдалық. Біраз әңгімелестік, Төкен 1965 жылғы вальс королі Шәмші Қалдаяқовпен Гурьевке (қазіргі Атырау) барғанын, сол сапарда «Ақ ерке — Ақ Жайық» әнінің дүниеге келгенін сондай бір шабытпен әңгімелеп берді. Чапаев кеңшарында

болғанында Нарын құмының жиегіндегі аға шопан Құспан қарттың дастарханнан дәм татқанын, тіпті: «Екеуін бір-бір қойдың басын ұстауға лайықты жігітсіндер», — деп Шәмші екеуіне екі қойдың басын қатар ұсынған аккөңіл шопанның қонақжайлығын, мәрттігін айтты. Әлібек осы арада әңгімеге араласып: «Төке, мына алдыңызда отырған Жолдас — сол Құспан қарттың үлкен ұлы, өзі мал дәрігерлік институтында оқиды, Мұхиттың, Ғарифолланың әндерін айтады», — деп тосын ақпараттың тиегін ағытып жіберді. Бұдан кейін үшеуіміздің әңгімеміз бұрынғыдан да жараса түсті. Ақын маған екі-үш ән салдырды. Даусымның ұнағанын риза болған жүзінен, тағы да ән салғызғанынан байқадым. Қоштасарда: «Жолдас, ертең сені Ғарифолла Құрманғалиевпен таныстырайын, кешігіп қалма», — деді. Уәде бойынша опера театрының жанында Ғарекен жолықтық. Төлеген акын менің әншілік өнерім туралы айтты. Ғарекен Төкен: «Саған ұнаса болды, сентябрьде студияға сабаққа келсін», — деді. Сөйтіп, ағалардың талантты тауып, тани білгенінің арқасында өнер жолын таңдаған едім.

Бұдан кейін, сәл ойланып қалған Жөкең тамағын кенеп алып, былай деп әңгімесін жалғастырды.

— Ғарекен өмірден өткен күннен бастап менің көңілімнен бір әуен кетпей қойды. Төлеген Айбергеновтің Ғарекенге арнаған «Әуен мен ырғақ» деген өлендер топтамасынан шумактарды оқып бір мазасыз күй кешудемін. Бір алыстан сарын келеді құлағыма, соны саған ғана бірінші айтып отырғаным, — деді. Содан соң жанарын бөлменің бір бұрышына қарай бұрып, «Еей-ей-ей» деп басталуы керек деп тысым саздың құшағына еніп бара жатқандай әсер қалдырды.

«Еей-ей-ей!»

Көкірегінен әсем әннің көк мұхитын шайқаған,

Ей, Ғарекен! Қасиетті, қазына жыр байтақ ән.

Сенің ару жүрегіңді былайша мен айта алам,

Сендей саңлақ бұл өмірге келер ме екен қайтадан», —

деп жаңа ән әуенін тебірене шырқаған




Жолдас ҚУСПАНОВ

әнші ауыр күрсініп бір тоқтады.

Әннің әуені мен сөзі баурап алған мен де ойға шомып кетіппін. Сәл үнсіздіктен кейін: «Аға, мынау ұстазға деген нағыз сағыныш қой, жүрегіңіздің бүлкілі ғой», — деп жаңа шығарма жайында ортақ ойға ойыстық. Талантты акын Төлеген Айбергеновтің өленіне үндескен мынадай әсем әуен халық сүйіп тыңдайтын жақсы ән болсын, туындыңызды сәтті аяқтаңыз деген тілекпен ағамыздан кетуге рұқсат сұрадым. Кетерімде әнші: «Тәуір болып жұмысқа шыққаннан кейін Алла бұйырса нотаға түсіремін, ал, Айғалижан, сен бұл әнімнің бірінші тыңдаушысы болдың», — деді қуанышты үнмен.

Талшын жеңгемнің ұсынған шұбатынан ауыз тиіп, ауылға жүріп кеттім. Жолдағы Таңдай ауылының тұсынан өткеннен соң әлгінде ғана естіген жаңа әуеннің сазы құлағымның түбінен кетпей қойды. Көкейде бірден жатталып қалған әнді қайталап айтумен болдым.

Сол жылғы ақпан айының соңы болатын, кезекті еңбек демалысымды алып, үйде демалып жатқан едім. Онда мен Исатай аудандық тұтынушылар одағында экспедитор-жүргізуші болып қызмет істеймін. Үйге Жолдас аға, дәулескер күйші



Ғарифолла ҚҰРМАНҒАЛИЕВ

Байболат Ғилажов келе қалды. Шаруалары бар екен, Нарынның ақпа ақыны Насихат Сүгірұлының өмірі мен өнері туралы насихат жүргізуге құрылған мәдени-үгіт бригадасы аудандарды аралауға шығатын болыпты. Ақының шығармаларын жинақтаушы әрі жырларын жатқа айтатын елағасы Пазыл Мағазов бастап жол жүргелі жатқандарынан хабардар етті. Қысқасы, жолға азық-түлік керек екен. Есімдері берісі облысқа әрісі республикаға кеңінен танымал өнер иелері атанып жүрген екі аға маған өздерімен бірге жүруге қолқа салды. Онсызда еңбек демалысында жатқан мен мұндай ұсынысқа келісе кеттім. Осы сапарда ағалармен 6-7 күндей бірге болғандағы менің басты олжам Жолдас ағамыздың өнері мен өмір жолдары туралы әңгімесін тыңдап, жоғарыда айтқан Ғарифолла Құрманғалиевке арнаған, нотаға түсірген әнін әжептәуір үйреніп алдым. Бұл ән кейін ауылдан бастап үлкен сахналарда өзінің орындауында талай айтылды. Жұртшылықтың көңілінен шыққан әсем әуеннің біріне айналғанының куәсі болдық.

Бір айта кететін жәйт, мақаламыздағы Жолдас ақын Төлегенмен таныстырған Әлібек Қайыров кейін елімізге есімі белгілі қаламгер атанды. Ол облыстық «Атырау» газетінде біраз жыл еңбек етіп, сексенінші, тоқсаныншы жылдары республикалық теледидарды, «Халық кеңесі» газетінің Атырау облысындағы меншікті тілшісі болды, «Қазақ әдебиеті» газетінің белсенді авторларының бірі атанып, өмірінің соңғы жылдары осы басылымның аталған облыстағы тілшісі ретінде қалам тербеді. «Қазақстанның Құрметті журналисі» атанған талантты қаламгер Әлібек Қайыров осыдан үш жыл бұрын өмірден өтті.

Жолдас Құспановтың ұстазы Ғарекенге арнаған әнін насихаттауды талантты әнші, жыршы-термеші, інісі Манарбек Дәулетов жалғастырды.

Мен осы естелігімде сөзі мен әуені бір-бірін толықтырып тұрған әнші, композитор Жолдас Құспановтың ұстазы Ғарифоллаға арнаған әнінің шығу тарихына куә болғанымды оқырманға жеткізуге тырыстым. Бұл ән кейінгі жас ұрпаққа аманат болып қалған өнер иесінің төл туындысы екенін насихаттай жүрейік. Ол өзінің көзі тірісінде жазғанындай, рухтас екі ағасына ескерткіш етіп қалдырған әнінің ғұмырлы болуын тілеймін. Ұлттық өнерді бағалаушы әрі қадірлеуші жан ретінде айтпағым осы еді.

Айғали АҚҚАЛИЕВ